# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
Топ: «Қошақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Қыркүйек айы. 23.09-27.09.2024ж 4 апта

«Тексерілді»:
Әдіскер: Ж.С.Давлеткалиева
Тәрбиеші: Г.К.Рымбекова

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 23.09.2024ж | Сейсенбі 24.09.2024 | Сәрсенбі 25.09.2024ж | Бейсенбі 26.09.2024ж | Жұма 27.09.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.<br><br>**Медбике тексеру** | Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жыл күлкі<br>Күй күмбірі **«Бір тұтас тәрбие жопары»** | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу<br><br>Күй күмбірі **«Бір тұтас тәрбие жопары»** | Үш түрлі смайликпен қарсы алу<br>Күй күмбірі **«Бір тұтас тәрбие жопары»** | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу<br>Күй күмбірі **«Бір тұтас тәрбие жопары»** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу Өнегелі 15мин | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу Өнегелі 15мин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өнегелі 15мин | жатқанын сұра<br>Өнегелі 15мин | Өнегелі 15мин | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Жатқа білер дос атын,<br>Дос бар бізді тосатын.<br>Балабақша<br>біздің үй.<br>Басымызды қосатын<br>Саусақпен ойнаймыз: «Құлып»<br>Міндеті<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету | Дидактикалық ойын<br>«Не артық?»<br>Міндеті<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Танымдық дағдылар** | Дидактикалық ойын<br>«Бағдаршам не дейді?»<br>Міндеті<br>байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгеру<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Саусақпен ойнаймыз:«Қоян інде»<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Үркек қоян,сақ қоян,<br>Дыбыс шықса қашасың.<br>Міндеті Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Дидактикалық ойын<br>«Қауіпті заттар»<br>міндеті қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру<br>**Әлеуметтік дағдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру **құрастыру** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар **мүсіндеу** | Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау. **қоршаған ортамен таныстыру** | Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу **қоршаған ортамен таныстыру, музыка** | Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу **қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру** |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Менің Қазақстаным»** ҚР әнұраны Орындалады **Математика негіздері** **Тақырып:** | **Сауат ашу** **Тақырып:** Жіңішке дауысты дыбыстар. Жіңішке дауысты | Қазақ тілі **Тақырып:** Алтын күз Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік | **Математика негіздері** **Тақырып:** 3 саны және цифры. 4 саны және цифры. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді | **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Театр әлемінде Балаларға театр туралы түсінік беру,қуыршақ театрының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3саны және цифры. 4саны және цифры.<br>Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бей-нелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, ло-гикалық ойлау, дағды-ларын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу негіздері** | дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.<br>Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу<br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырып:**<br>Менің сүйікті ойыншығым<br>Ойыншықтар | қорларын дамыту.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырып:**<br>3 саны және цифры.<br>4 саны және цифры.<br>Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу.<br>Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу | үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру;<br>3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойын-ша «артық» затты ерекшелеу.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:**<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар.<br>Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін | түрлерімен таныстыру; балалардың өз ойын айта білуге үйрету,театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:**<br>Менің сүйікті ойыншығым.<br>Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауыз екі сөйлеулерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырып:** Жуан дауысты дыбыстар. Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Жыл мезгілдері: жаз, | туралы шағын мәтіндер құрауды дамыту, сұраққа толық жауап беруді жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Музыка** **Тақырып:** ***Біздің аспаптар*** Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен | **Дене шынықтыру** **Тақырып:**Күзгі орманда. Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау. **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) Мұзафар Әлімбаев<br><br>Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелі-лігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік | бекіту.Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге | Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Бадминтон, футбол. Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру. **Шығармашылық: «Құрастыру»** **Тақырып:** Ұшақ Құрылыс материалда-рынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;ұшақты құрастыру-да оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күз. Белгілері Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсінік беру; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер, күн мен түннің ұзақтығы туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу | динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтард | бірізділікті сақтай отырып, көңіл күймен мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу. | тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру **Музыка** **Тақырып:** ***Біздің аспаптар*** Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. | балалардың ой-қиялын дамыту; өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптас-тыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру Тақырып:** Керуен (таза ауада) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлттар арасындағы достыққа тәрбиелеу | ы бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиеле | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: *Кішкене өзен арқылы.* Мақсаты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: *Жел көбік* Мақсаты: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: *Поезд* Мақсаты: Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал сендер кішкентай вагонсыңдар». | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: *Жалаушаны әкел (таяқ арқылы аттап өту).* Мақсаты: Бір топ балаларды (4-6 адамды) жинап алып тәрбиеші оларға жалаушаны | Дене шынықтыру. Қимылды ойын: *Күн мен жаңбыр.* Мақсаты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. (дене | дөңгелене тұрады.Тәрбие шігемқосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп,бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра | Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. «Кеттік», - дейді тәрбиеші, балалардың бәрі «шу-шу» деп дабырлап, оның артынан жүре бастайды. Тәрбиеші поезды бір бағытта, одан кейін екінші бағытта жүргізеді, одан кейін жүруді баяулатады,ақырын да тоқтайды да: «Кідіріс» («Аялдама»), деп хабарлайды. Біраз уақыттан кейін тағы да гудок беріледі де поезд қайтадан жолға аттанады. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру) | көрсетеді,онымен ойнауды ұсынады. Тәрбиеші кезекпен кімнің жалаушаға баратынын айтады да балалардың әрқайсысының кедергіден дұрыс аттап өтуін бақылайды. Орындықтан жалаушаны алғаннан кейін бала сол жолмен кері қайтады. Балалардың барлығы жалаушамен оралғаннан кейін тәрбиеші жалаушаларды көтеріп, маршпен жүріп өтуді ұсынады. (тәрбиеші ритммен қолын соғады немесе бір-екі, бір-екі деп дауыстап тұрады.) Одан кейін ойын балалардың басқа тобымен жүргізіледі. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру) | қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да«терезеге» (орындықтың арқ асындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл аланда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер! деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп,орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру) | кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру) | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті**). | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. **сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу** Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы айтылама анықтау. **көркем әдебиет** | **шынықтыру** «Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. **құрастыру** | суретін салу. **сурет салу** Қуыршақ туралы тақпақ жаттау **көркем әдебиет** «5 ке дейінгі сиқырды сандар» Тура жіне кері санау **математика негіздері** | **дене шынықтыру** Орамалдан бөпе жасау. **құрастыру жапсыру** | **Дене шынықтыру** «Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау **көркем әдебиет** (мен бақытты баламын **сурет салу** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ибрахим: Заттардың сапасы мен қасиеттерін: сипау, дәмін тату және есту арқылы танытамын. | Санжар: Ересектерге көмек көрсетуге ынта білдіруге үйрету. | Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету. | Дина: Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игеруді қалыптастырамын. | Аружан: Берілген дыбысты дұрыс айтуды,сөздегі бірінші дыбысты анықтап айтуды жаттықтыру |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | «Кім жылдам?» | «Қолшатыр» | «Танып ал да, атын | «Түрлі түсті | «Әдемі гүл» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынның мақсаты: Шапшандыққа, жылдамдыққа үйенеді . Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді екі себетке жинайды. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)* | Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. *Күн* деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады. (Дене шынықтыру) | ата» Мақсаты: жапырақтардың түр,түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. *(Сөйлеуді дамыту)* | жапырақтарды тізу» Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету. *(Құрастыру)* | Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту. *(Сурет салу)* |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |